



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

201808 26 қауыптар

Қостанай қаласы

№ *260*

город Костанай

«Қостанай қаласы әкімдігінің
білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесі туралы ережені
бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабына, «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы қоса беріліп отырған ереже бекітілсін.

2. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі жоғарыда көрсетілген Ереженің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.



Б. Жақыпов

Қостанай қаласы әкімдігінің 2018 жылғы «26» қаңтарда № 260 қаулысымен бекітілген

**«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесі туралы
ереже**

1. Жалпы ережелер

1. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі жалпы қол-жетімді және сапалы білім алуға азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған, Қостанай қаласының аумағында мемлекеттік білім беру саясатын жүргізу саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомстволары бар:

3. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Шайсұлтан Шаяхметов көшесі, 108 үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерінен жүзеге асырылады.

13. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Қостанай қаласында білім беру жүйесінің тиімді жұмыс жасауын және дамуын қамтамасыз ету, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

15. Міндеттері:

1) Мемлекеттік стандарттардың деңгейіне жауап беретін толыққанды, жоғары сапалы біліммен қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге деміндеттер.

16. Функциялары:

1) кешкі (ауысымды) оқу нысанын және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беруді қоса алғанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді қамтамасыз етеді;

2) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

3) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады;

4) мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын қоспағанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

5) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;

- 6) мектепке дейінгі даярлықтың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына, орта білім беру ұйымдарына білім беру органдары оқу жылына болжайтын көлемде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастырады;
- 7) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекітеді;
- 8) балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;
- 9) аудан (қала) ауқымында жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді;
- 10) мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы ұстауға бөлінетін бюджет қаражатының кемінде бір пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;
- 11) жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді, оларды міндетті жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 12) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;
- 14) білім беру ұйымдарында оқу бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;
- 15) білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруі туралы мәслихатқа ұсыныс енгізеді;
- 16) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына және отбасыларына қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;
- 17) білім беру мониторингін жүзеге асырады;
- 18) негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруін және

солармен қамтамасыз етілуін ұйымдастырады және олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

19) мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;

20) білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің әдістемелік басшылығын қамтамасыз етеді;

21) Өзі әзірлеуші болып табылатын нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуге жолдайды;

22) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат береді;

23) балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын тексеруді және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

24) Мемлекеттік мекеме құзырына кіретін мәселелер бойынша Қостанай қаласы әкімдігінің нормативтік құқықтық және нормативтік емес құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді және келіседі;

25) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады;

26) орта білімнің беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) тиісті аумақта өз қызметтерін тиімді жүзеге асыруды арттыру мәселелері бойынша басқа мемлекеттік органдармен, мемлекеттік мекемелермен және басқа ұйымдармен өзара әрекеттесу;

2) мемлекеттік көлік құралдарын, байланыс және коммуникация жүйелерін пайдалану;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қол жетімділігін және сапасын қамтамасыз ету;

4) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа ұйымдардан қажетті мәліметтерді, материалдар мен құжаттарды белгіленген тәртіппен сұрату және алу;

5) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қолданыстағы заңнамамен берілген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшылықты «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын қала әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

21. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүдделерін білдіреді;

2) заңнамамен белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік етеді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) қаржылық құжаттарға бірінші қол қою құқығына ие;

6) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің іссапарлары, тағылымдамалары, оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктіліктерін арттырудың өзге де түрлері бойынша тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

7) білім бөлімінің құрылымы мен штат саны бойынша ұсыныстар әзірлейді және оларды бекітуге енгізеді, еңбекке ақы төлеу қорының үнемдеу шегінде мемлекеттік қызметшілерге қосымша ақыны, материалдық ынтыландыруды белгілейді;

8) актілерінің жобаларын дайындау, кезінде Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» заңына сәйкес олардың нормативтік немесе нормативтік емес құқықтық акті болып табылатындығын анықтайды.

9) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері мен ведомстволық бағынысты мекемелердің директорлары үшін міндетті бұйрықтарды шығарады және нұсқаулар береді;

10) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін және ведомстволық бағынысты мекемелердің директорларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады.

11) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне ынтыландыру шараларын және тәртіптік жазаларды қолданады.

12) өз өкілеттігі шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ықпал етуге міндетті және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасы талаптарының бұзылғаны үшін дербес жауаптылықта болады;

13) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

22-1. Бірінші басшы, басшының орынбасары және мамандар өздерінің қызметтерін лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес жүзеге асырады және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін дербес жауапты болады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

24. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мен оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 1 мектеп-лицейі» мемлекеттік мекемесі;

2) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 2 мектеп-лицейі» мемлекеттік мекемесі;

3) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 3 мектеп-гимназиясы» мемлекеттік мекемесі;

4) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 4 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;

5) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Бауыржан Момышұлы атындағы № 5 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;

6) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 5 «А» мектеп-гимназиясы» мемлекеттік мекемесі;

7) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 6 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;

8) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 7 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;

- 9) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 8 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 10) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Ғ.Қайырбеков атындағы № 9 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 11) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 10 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 12) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 11 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 13) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің М.Горький атындағы гимназиясы» мемлекеттік мекемесі;
- 14) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 13 негізгі жалпы білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 15) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 14 негізгі жалпы білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 16) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 15 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 17) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 16 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 18) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 17 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 19) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 18 мектеп-гимназиясы» мемлекеттік мекемесі;
- 20) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 19 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 21) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің Мариям Хәкімжанова атындағы № 20 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 22) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 21 негізгі жалпы білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 23) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 22 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 24) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің М. Қозыбаев атындағы № 23 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 25) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 24 мектеп-гимназиясы» мемлекеттік мекемесі;
- 26) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 25 негізгі жалпы білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 27) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 30 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 28) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 115 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 29) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 122 орта мектебі» мемлекеттік мекемесі;
- 30) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің С.Мәуленов атындағы гимназиясы» мемлекеттік мекемесі;

47) «Қостанай қаласы әкімдігінің Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 15 бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

48) «Қостанай қаласы әкімдігінің Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 16 бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

49) «Қостанай қаласы әкімдігінің Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 17 бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

50) «Қостанай қаласы әкімдігінің Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 18 бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

51) «Қостанай қаласы әкімдігінің Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 27 бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

52) «Қостанай қаласы әкімдігінің Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 40 бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

53) «Қостанай қаласы әкімдігінің Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 44 бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

54) «Қостанай қаласы әкімдігінің Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 51 бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

55) «Қостанай қаласы әкімдігінің Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 54 бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

56) «Қостанай қаласы әкімдігінің Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 61 бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

57) «Қостанай қаласы әкімдігінің Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 69 бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

58) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің аула клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

59) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 1 балалар музыка мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

60) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің А.И. Никифоров атындағы көркемөнер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

61) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің техникалық шығармашылық мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

62) «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің балалар шығармашылығы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

